

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 13 желтоқсандағы № 27-VI ҚРЗ

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң ізгілік қағидаты басшылыққа алына отырып, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына байланысты қабылданды.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) осы Заңның 2-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында, 4-бабы 1 және 3-тармақтарының 1) тармақшасында, 5-бабының 1) тармақшасында, 6-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында аталған адамдар – қылмыс жасаған кезінде он сегіз жасқа толмаған адамдар;

2) осы Заңның 2-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында, 4-бабы 1 және 3-тармақтарының 2) тармақшасында, 6-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында аталған адамдар:

осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге жүкті әйелдер;

осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге ата-ана құқықтарынан айырылмаған және он сегіз жасқа толмаған балалары, оның ішінде асырап алған не қорғаншылыққа және (немесе) қамқоршылыққа алған балалары бар не қылмыс жасаған және сотталған кезінде асырауында жасына қарамастан мүгедек балалары болған әйелдер;

осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге кәмелетке толмаған балалардың жалғыз ата-анасы болып табылатын және ата-ана құқықтарынан айырылмаған ер адамдар;

3) осы Заңның 2-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында, 4-бабы 1 және 3-тармақтарының 3) тармақшасында, 6-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында аталған адамдар – осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен I, II және III топтардағы мүгедектер деп танылған адамдар;

4) осы Заңның 2-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында, 4-бабы 1 және 3-тармақтарының 4) тармақшасында, 6-бабы 2-тармағының 4) тармақшасында аталған адамдар – осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге елу жасқа толған және ол жастан асқан әйелдер, алпыс жасқа толған және ол жастан асқан ер адамдар;

5) осы Заңның 2-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында, 4-бабы 1 және 3-тармақтарының 5) тармақшасында, 6-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында аталған

адамдар – Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар;

б) осы Заңның 2-бабы 2-тармағының б) тармақшасында, 4-бабы 1 және 3-тармақтарының б) тармақшасында, 6-бабы 2-тармағының б) тармақшасында аталған адамдар – Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, оның ішінде бұрынғы КСР Одағының, әскери және (немесе) интернационалдық борышын орындау кезінде қаза тапқан немесе хабарсыз кеткен әскери қызметшілерінің басқа тіркелген некеге тұрмаған жесірлері, сондай-ақ соғыс мүгедектерінің және оларға теңестірілген адамдардың әйелдері.

2-бап. Жазадан босатылатын адамдар

1. Қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар жасаған адамдар жазадан босатылады.

2. Ауырлығы орташа қылмыстар үшін сотталған адамдар:

1) кәмелетке толмағандар;

2) жүкті әйелдер, кәмелетке толмаған балалары немесе мүгедек балалары бар әйелдер, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалардың жалғыз ата-анасы болып табылатын ер адамдар;

3) I, II және III топтардағы мүгедектер;

4) елу жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс жастағы және ол жастан асқан ер адамдар;

5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар;

б) әскери және (немесе) интернационалдық борышын орындау кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің жесірлері, сондай-ақ күйеулері соғыс мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар болып табылатын әйелдер жазадан босатылады.

3. Осы баптың 2-тармағының күші қолданылмайтын, ауырлығы орташа қылмыстар үшін сотталған:

1) бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазасын өтеп жатқан және пробациялық бақылаудағы;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 63-бабы қолданыла отырып, сот үкімімен бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған адамдар жазадан босатылады.

3-бап. Жаза мерзімінің өтелмеген бөлігін ауыстыру

Осы Заңның 2-бабы 2-тармағының күші қолданылмайтын, ауырлығы орташа қылмыстар үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға жазасының өтелмеген бөлігі айыппұлға не бас бостандығын шектеуге ауыстырылсын.

4-бап. Жаза мерзімінің өтелмеген бөлігін қысқарту

1. Ауыр қылмыстар үшін сотталған:

1) кәмелетке толмағандарға;

2) жүкті әйелдерге, кәмелетке толмаған балалары немесе мүгедек балалары бар әйелдерге, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалардың жалғыз ата-анасы болып табылатын ер адамдарға;

3) I, II және III топтардағы мүгедектерге;

4) елу жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс жастағы және ол жастан асқан ер адамдарға;

5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға;

б) әскери және (немесе) интернационалдық борышын орындау кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің жесірлеріне, сондай-ақ күйеулері соғыс мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар болып табылатын әйелдерге;

7) қылмыспен келтірілген залал толық өтелген жағдайда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінде көзделген экономикалық қызмет саласындағы ауыр қылмыстар үшін сотталғандарға осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге жаза мерзімінің өтелмеген бөлігінің жартысы қысқартылсын.

2. Осы баптың 1-тармағының күші қолданылмайтын, ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдарға қылмыспен келтірілген залалды толық өтеген жағдайда, осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге жаза мерзімінің өтелмеген бөлігінің төрттен бірі қысқартылсын.

3. Аса ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдарға:

1) кәмелетке толмағандарға;

2) жүкті әйелдерге, кәмелетке толмаған балалары немесе мүгедек балалары бар әйелдерге, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалардың жалғыз ата-анасы болып табылатын ер адамдарға;

3) I, II және III топтардағы мүгедектерге;

4) елу жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс жастағы және ол жастан асқан ер адамдарға;

5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға;

б) әскери және (немесе) интернационалдық борышын орындау кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің жесірлеріне, сондай-ақ күйеулері соғыс мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар болып табылатын әйелдерге осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге жаза мерзімінің өтелмеген бөлігінің бестен бірі қысқартылсын.

5-бап. Рақымшылық жасау қолданылмайтын адамдар

Осы Заңның күші:

1) кәмелетке толмағанның он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыс жасаған жағдайын қоспағанда, кәмелетке толмағандарға осындай қылмыстар жасаған адамдарға;

2) террористік қылмыстар жасаған адамдарға;

- 3) экстремистік қылмыстар жасаған адамдарға;
- 4) азаптаулар жасаған адамдарға;
- 5) қылмыстардың қайталануы немесе қауіпті қайталануы кезінде жаза тағайындалған адамдарға;
- 6) өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылған, сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айыру тағайындалған адамдарға;
- 7) бұрын рақымшылық жасау немесе кешірім жасау қолданылған, қайтадан қасақана қылмыстар жасаған адамдарға;
- 8) қылмыстық топтар құрамында қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамдарға;
- 9) егер қылмыстардың біріне осы Заңның күші қолданылмайтын болса, қылмыстар жиынтығы болған жағдайда;
- 10) 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде (1959 жылғы 22 шілдеден кейін 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) көзделген мынадай қылмыстар: Отанға опасыздық (50-бап); шпиондық (51-бап); террорлық акт (52-бап); шет мемлекеттің өкіліне қарсы террорлық акт (53-бап); диверсия (54-бап); жалдамалылық (62-2-баптың екінші бөлігі); бандитизм (63-бап); еңбекпен түзеу мекемелерінің жұмысына іріткі салатын әрекеттер (63-1-баптың екінші бөлігі); қылмыстық топты не қылмыстық қоғамдастықты ұйымдастыру немесе басқару, қылмыстық қоғамдастыққа қатысу (63-2-баптың екінші бөлігі); контрабанда (64-баптың екінші бөлігінің б) тармағы, үшінші және төртінші бөліктері); жаппай тәртіпсіздік (65-бап); жылжымалы темір жол составын, әуе, теңіз немесе өзен кемелерін айдап әкету не басып алу (72-1-баптың үшінші бөлігі); жасанды ақшаны немесе бағалы қағазды қолдан жасау немесе өткізу (73-бап); тонау (76-1-баптың үшінші бөлігі); шабуыл жасап тонау (76-2-баптың үшінші бөлігі); қорқытып алу (76-7-баптың үшінші бөлігі); бөгде мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру (82-бап); қасақана кісі өлтіру (88-бап); денені ауыр дәрежеде қасақана жарақаттау (93-баптың екінші бөлігі); әйелді зорлау (101-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); адам ұрлау (116-баптың үшінші бөлігі); ішкі істер органдары қызметкерінің, халық жасақшысының, анықтама жүргізуші адамның, тергеушінің, прокурордың, судьяның немесе халық заседателінің өміріне қастық әрекет (173-1-бап); бұзақылық (200-баптың екінші бөлігі); атылатын қару-жарақты, оқ-дәріні немесе жарылғыш заттарды ұрлау (203-баптың үшінші бөлігі); радиоактивті материалдар ұрлау (205-2-бап); есірткі заттарды ұрлау (213-1-баптың екінші және үшінші бөліктері); есірткі заттарды қолдануға азғыру (213-2-баптың екінші бөлігі); есірткі заттарды заңсыз жасау, алу, сақтау, тасу, жіберу немесе өткізу (214-баптың бесінші бөлігі); көлік құралдарын басқаратын адамдардың көлік құралдары жүрісі қауіпсіздігі және пайдалану ережелерін бұзуы (217-баптың үшінші бөлігі); бағынбау (225-баптың "б" тармағы); бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызмет міндеттерін бұзуға зорлау (227-баптың "б" тармағы); бастыққа зорлық

әрекеттер жасау (229-баптың "а" тармағы); бір-біріне бағынбайтын әскери қызметшілердің өзара қарым-қатынастың жарғылық ережелерін бұзуы (231-баптың "в" тармағы); дезертирлік (234-баптың "а" және "в" тармақтары); өзінің дене мүшесіне зақым келтіру жолымен немесе басқа тәсілмен әскери қызметтен бұлтару (236-баптың "а" тармағы); әскери мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру (238-баптың "б" тармағы); қаруды, сондай-ақ айналасындағылар үшін аса қауіп төндіретін заттар мен құралдарды қолдана білу ережесін бұзу (238-1-баптың "б" және "в" тармақтары); машиналарды жүргізу немесе пайдалану ережелерін бұзу (239-бап); ұшу немесе оған дайындалу ережесін бұзу (240-бап); кеме жүргізу ережесін бұзу (241-бап); қарауыл қызметінің жарғылық ережелерін бұзу (242-баптың "в" және "г" тармақтары); шекаралық қызметті атқару ережелерін бұзу (243-баптың "в" тармағы); жауынгерлік кезекшілік атқару ережелерін бұзу (244-баптың "в" тармағы); соғыс құпиясын жариялау немесе соғыс құпиясы жазылған құжаттарды жоғалту (246-баптың "в" тармағы) үшін сотталған адамдарға;

11) 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (1997 жылғы 16 шілдеден кейін 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) көзделген мынадай қылмыстар: адам өлтіру (96-бап); абайсызда кісі өлтіру (101-баптың екінші бөлігі); денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (103-баптың екінші және үшінші бөліктері); зорлау (120-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); нәпсіқұмарлық сипаттағы күш қолдану іс-әрекеттері (121-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); адамды ұрлау (125-бап); бас бостандығынан заңсыз айыру (126-баптың үшінші бөлігі); адамды саудаға салу (128-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту (131-баптың екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктері); кәмелетке толмаған адамды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту (132-баптың үшінші бөлігі); кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (132-1-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); кәмелетке толмағандарды саудаға салу (133-бап); басқыншылық соғысты жоспарлау, әзірлеу, тұтандыру немесе жүргізу (156-бап); басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу және жария түрде шақыру (157-бап); жаппай қырып-жою қаруын өндіру немесе тарату (158-бап); соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдістерін қолдану (159-бап); геноцид (160-бап); экоцид (161-бап); шетелдік қарулы қақтығыстарға қатысу (162-1-бап); халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау (163-бап); әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру (164-бап); мемлекеттік опасыздық (165-бап); шпионаж (166-бап); Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің – Елбасының өміріне қол сұғушылық (166-1-бап); Қазақстан Республикасы Президентінің өміріне қастандық жасау (167-бап); билікті күшпен басып алу немесе билікті күшпен ұстап тұру не Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен лауазымды адамдарының құзырына кіретін өкілеттіктерді шет мемлекет

немесе шетелдік ұйым өкілдерінің жүзеге асыруы (168-баптың бірінші бөлігі); қарулы бүлік (169-бап); диверсия (171-бап); тонау (178-баптың төртінші бөлігінің а) тармағы); қарақшылық (179-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); ерекше құнды заттарды ұрлау (180-баптың екінші бөлігі); қорқытып алушылық (181-баптың үшінші және төртінші бөліктері); автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену (185-баптың үшінші және төртінші бөліктері); бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (187-баптың үшінші бөлігі); жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату (206-бап); экономикалық контрабанда (209-баптың үшінші бөлігінің б) тармағы); адамды кепілге алу (234-бап); бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында ұйымдасқан топ құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу (235-бап); қылмыстық қоғамдастық (қылмыстық ұйым) құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу (235-1-бап); бір немесе бірнеше қылмыс жасау мақсатында трансұлттық ұйымдасқан топ құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу (235-2-бап); трансұлттық қылмыстық қоғамдастық (трансұлттық қылмыстық ұйым) құру және оны басқару, сол сияқты оған қатысу (235-3-бап); ұйымдасқан топтың, қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) не трансұлттық ұйымдасқан топтың, трансұлттық қылмыстық қоғамдастықтың (трансұлттық қылмыстық ұйымның) немесе тұрақты қарулы топтың (банданың) қызметін қаржыландыру, сол сияқты мүлікті жинау, сақтау, бөлу, қаржыландыру арналарын әзірлеу (235-4-бап); заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастыру (236-баптың бірінші бөлігі); бандитизм (237-бап); үйлерге, ғимараттарға, қатынас және байланыс құралдарына шабуыл жасау (238-бап); әуе немесе су көлігін не жылжымалы темір жол составын айдап әкету, сонымен бірдей қолға түсіру (239-бап); теңіз қарақшылығы (240-бап); жаппай тәртіпсіздіктер (241-бап); сапасыз құрылыс (245-1-баптың үшінші бөлігі); ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (246-1-баптың үшінші бөлігі); радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алу (248-баптың екінші және үшінші бөліктері); айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандысы (250-баптың үшінші және төртінші бөліктері); қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (251-баптың екінші және үшінші бөліктері); қаруды заңсыз жасау (252-баптың екінші және үшінші бөліктері); қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу (255-бап); бұзақылық (257-баптың үшінші бөлігі); есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды заңсыз дайындау, өңдеу, иемденіп алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату (259-бап); есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды ұрлау не қорқытып алу (260-бап); есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды тұтынуға көндіру (261-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); улы заттардың, сондай-ақ есірткі заттарды, психотроптық немесе улы заттарды дайындауға немесе ұқсатуға пайдаланылатын заттардың, құрал-саймандардың немесе жабдықтардың заңсыз

айналымы (263-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері), есірткі заттарды немесе психотроптық заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау немесе осы мақсаттар үшін үй-жай беру (264-бап); темір жол, әуе немесе су көлігі қозғалысы мен оларды пайдалану қауіпсіздігінің ережелерін бұзу (295-баптың үшінші бөлігі); көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуы (296-баптың үшінші бөлігі); көлік құралдарын сапасыз жөндеу және оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығару, мас күйіндегі адамды көлік құралын жүргізуге жіберу (298-баптың төртінші бөлігі); көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру (299-баптың үшінші бөлігі); көліктің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ережелерді бұзу (300-баптың үшінші бөлігі); магистралдық труба құбырларын салу, пайдалану немесе жөндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу (303-баптың үшінші бөлігі); өкімет өкіліне қатысты күш қолдану (321-баптың екінші бөлігі); сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асырушы адамның өміріне қол сұғу (340-бап); сот төрелігін жүзеге асыруға немесе алдын ала тергеу жүргізуге байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері (341-баптың төртінші бөлігі); жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету (354-баптың төртінші бөлігі); қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау (360-бап); қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына, сондай-ақ сотталған адамға қатысты күш қолданамын деп қорқыту немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу (361-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызметтік міндеттерін бұзуға мәжбүр ету (368-баптың екінші бөлігі); бастыққа қатысты күш қолдану іс-әрекеттері (369-баптың екінші бөлігі); бір-бірінің арасында бағыныштылық қатынастары болмаған кезде әскери қызметшілердің арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық ережелерін бұзу (370-баптың үшінші бөлігі); қашқындық (373-баптың екінші бөлігі); жауынгерлік кезекшілікті атқарудың ережелерін бұзу (375-баптың екінші бөлігі); қарауыл (вахта) қызметін атқарудың жарғылық ережелерін бұзу (377-баптың екінші бөлігі); әскери сипаттағы құпия мәліметтерді жария ету немесе әскери сипаттағы құпия мәліметтері бар құжаттарды жоғалту (386-баптың үшінші бөлігі); айналадағыларға қауіп туғызатын қару-жарақты, сондай-ақ заттар мен нәрселерді ұстау ережелерін бұзу (390-баптың үшінші бөлігі); машиналарды жүргізу немесе пайдалану ережелерін бұзу (391-баптың үшінші бөлігі); ұшу немесе оған даярлану ережелерін бұзу (392-бап); кеме жүргізу ережелерін бұзу (393-бап) үшін сотталған адамдарға;

12) 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (2014 жылғы 3 шілдеден кейін осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) көзделген мынадай қылмыстар: адам өлтіру (99-бап); абайсызда қазаға ұшырату (104-баптың екінші бөлігі); денсаулыққа қасақана ауыр

зиян келтіру (106-баптың екінші және үшінші бөліктері); қауіпті жағдайда қалдыру (119-баптың төртінші бөлігі); зорлау (120-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері (121-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); адамды ұрлау (125-бап); бас бостандығынан заңсыз айыру (126-баптың үшінші бөлігі); адам саудасы (128-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту (132-баптың екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктері); кәмелетке толмаған адамды қоғамға жат әрекеттер жасауға тарту (133-баптың үшінші бөлігі); кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту (134-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); кәмелетке толмағандар саудасы (135-бап); еңбекті қорғау қағидаларын бұзу (156-баптың төртінші бөлігі); басқыншылық соғысты жоспарлау, дайындау, тұтандыру немесе жүргізу (160-бап); басқыншылық соғысты тұтандыруға насихат жүргізу немесе жария түрде шақыру (161-бап); жаппай қырып-жою қаруын өндіру, иемдену немесе өткізу (162-бап); соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдістерін қолдану (163-бап); соғыс заңдары мен дәстүрлерін бұзу (164-бап); қарулы қақтығыстар уақытында халықаралық гуманитарлық құқық нормаларын қылмыстық бұзушылықтар (165-бап); қарулы қақтығыс уақытындағы әрекетсіздік не қылмыстық бұйрық беру (166-бап); геноцид (168-бап); экоцид (169-бап); шетелдік қарулы қақтығыстарға қатысу (172-бап); мемлекетке опасыздық жасау (175-бап); тыңшылық (176-бап); тонау (191-баптың төртінші бөлігі); қарақшылық (192-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); ерекше құндылығы бар заттарды жымқыру (193-баптың екінші және үшінші бөліктері); қорқытып алу (194-баптың үшінші және төртінші бөліктері); автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу (200-баптың үшінші және төртінші бөліктері); бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (202-баптың үшінші бөлігі); ерекше құндылығы бар заттарды қасақана жою немесе бүлдіру (203-бап); жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау, сақтау, алып өту немесе өткізу (231-бап); ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу (262-бап); қылмыстық қоғамдастық құру және оған басшылық ету, сол сияқты оған қатысу (263-бап); трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым құру және оларға басшылық ету, сол сияқты оларға қатысу (264-бап); трансұлттық қылмыстық қоғамдастық құру және оған басшылық ету, сол сияқты оған қатысу (265-бап); қылмыстық топтың әрекетін қаржыландыру, сол сияқты мүлікті сақтау, бөлу, қаржыландыру арналарын әзірлеу (266-баптың бірінші және үшінші бөліктері); заңсыз әскерилендірілген құралымды ұйымдастыру (267-баптың бірінші бөлігі); бандитизм (268-бап); теңіз қарақшылығы (271-баптың үшінші бөлігі); жаппай тәртіпсіздік (272-бап); көрінеу жалған ақпарат тарату (274-баптың төртінші бөлігі); тау-кен немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (277-баптың үшінші бөлігі); сапасыз салынған құрылыс (278-баптың үшінші бөлігі); сәулет, қала құрылысы және

құрылыс қызметі саласындағы қағидаларды немесе нормативтердің талаптарын бұзу (279-баптың екінші бөлігі); сараптамалық жұмыстарды немесе инжинирингтік қызметтер көрсетуді тиісінше орындамау (280-баптың екінші бөлігі); жарылыс қауіпі бар объектілерде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (281-баптың үшінші бөлігі); ғарыш қызметін жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (282-баптың үшінші бөлігі); радиоактивті заттармен, радиоактивті қалдықтармен, ядролық материалдармен заңсыз жұмыс істеу (283-баптың үшінші бөлігі); радиоактивті заттарды, радиоактивті қалдықтарды немесе ядролық материалдарды жымқыру не қорқытып алу (284-баптың екінші және үшінші бөліктері); айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы (286-баптың екінші және төртінші бөліктері); қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (287-баптың төртінші бөлігі); қаруды заңсыз жасау (288-баптың екінші бөлігі); қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алу (291-бап); өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу (292-баптың үшінші бөлігі); бұзақылық (293-баптың үшінші бөлігі); есірткі, психотроптық заттармен, сол тектестермен, прекурсорлармен өткізу мақсатынсыз заңсыз жұмыс істеу (296-баптың төртінші бөлігі); есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу (297-бап); есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді жымқыру не қорқытып алу (298-бап); есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуға көндіру (299-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); улы заттардың, сондай-ақ есірткі, психотроптық немесе улы заттарды дайындау немесе қайта өңдеу үшін пайдаланылатын заттардың, құрал-саймандардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымы (301-баптың екінші және үшінші бөліктері); санитариялық қағидаларды немесе гигиеналық нормативтерді бұзу (304-баптың үшінші бөлігі); кәмелетке толмағандардың порнографиялық бейнелері бар материалдарды немесе заттарды дайындау және олардың айналымы не оларды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысу үшін тарту (312-баптың екінші және үшінші бөліктері); медицина немесе фармацевтика жұмыскерінің кәсіптік міндеттерін тиісінше орындамауы (317-баптың төртінші бөлігі); заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет және есірткі немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептілерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау (322-баптың төртінші бөлігі); шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзу (324-баптың екінші бөлігі); экологиялық тұрғыдан әлеуетті қауіпті химиялық немесе биологиялық заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу (325-баптың үшінші бөлігі); микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттермен немесе уытты заттармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптарды бұзу (326-баптың үшінші бөлігі); суларды ластау, қоқыстау немесе сарқу (328-баптың үшінші бөлігі); атмосфераны ластау (329-баптың екінші

бөлігі); теңіз ортасын ластау (330-баптың екінші бөлігі); жерді бүлдіру (332-баптың екінші бөлігі); жер қойнауын қорғау және пайдалану қағидаларын бұзу (333-баптың екінші бөлігі); экологиялық ластау зардаптарын жою жөнінде шаралар қолданбау (343-баптың үшінші бөлігі); теміржол, әуе, теңіз немесе өзен көлігі жүрісі немесе оларды пайдалану қауіпсіздігі қағидаларын бұзу (344-баптың үшінші бөлігі); көлік құралдарын басқаратын адамдардың жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзу (345-баптың төртінші бөлігі); көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған, алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын осындай адамның басқаруына беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол беру (346-баптың бесінші бөлігі); көлік құралдарын сапасыз жөндеу немесе оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығару (348-баптың төртінші бөлігі); басқаруға құқығы жоқ жүргізушінің көлік құралын басқаруына жол беру (349-баптың төртінші бөлігі); көлік құралдарын немесе қатынас жолдарын қасақана жарамсыздыққа келтіру (350-баптың үшінші бөлігі); көліктің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін қағидаларды бұзу (351-баптың үшінші бөлігі); көлікте қолданылатын қағидаларды бұзу (353-баптың төртінші бөлігі); магистральдық құбырларды салу, пайдалану немесе жөндеу кезінде қауіпсіздік қағидаларын бұзу (354-баптың төртінші бөлігі); құбырларды қасақана зақымдау немесе қирату (355-баптың үшінші бөлігінің 4) тармағы); алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның әуе, теңіз, өзен кемесін немесе шағын көлемді кемеңі басқаруы, әуе, теңіз, өзен кемесін немесе шағын көлемді кемеңі осындай адамның басқаруына беру немесе осындай адамның басқаруына жол беру (358-баптың бесінші бөлігі); басқаруға құқығы жоқ адамның әуе, теңіз немесе өзен кемесін басқаруына жол беру (359-баптың төртінші бөлігі); билік өкіліне қатысты күш қолдану (380-баптың екінші бөлігі); сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғу (408-бап); сот төрелігін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері (409-баптың төртінші бөлігі); көрінеу жалған сөз жеткізу (419-баптың үшінші және төртінші бөліктері); жалған айғақтар беруді немесе айғақтар беруден жалтаруды, жалған қорытынды беруді не қате аударуды параға сатып алу немесе оларға мәжбүрлеу (422-баптың үшінші және төртінші бөліктері); мемлекеттік қорғауға жататын адамдарға қатысты қолданылатын қауіпсіздік шаралары туралы мәліметтерді жария ету (424-баптың екінші бөлігі); қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау (428-бап); қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына, сондай-ақ сотталған адамға қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу (429-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау (437-баптың төртінші бөлігі); бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызметтік міндеттерін бұзуға мәжбүрлеу (438-баптың екінші және үшінші бөліктері); бастыққа

қатысты күш қолдану әрекеттері (439-баптың екінші және үшінші бөліктері); әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларын бұзу (440-баптың үшінші және төртінші бөліктері); бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету (441-баптың төртінші бөлігі); қашқындық (442-баптың екінші және үшінші бөліктері); әскери қызметті атқарудан жалтару немесе бас тарту (443-баптың екінші бөлігі); жауынгерлік кезекшілікті атқару қағидаларын бұзу (444-баптың екінші бөлігі); қарауыл (вахта) қызметін атқарудың жарғылық қағидаларын бұзу (446-баптың екінші бөлігі); қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет атқару қағидаларын бұзу (449-баптың үшінші бөлігі); әскери сипаттағы құпия мәліметтерді жария ету немесе әскери сипаттағы құпия мәліметтер жеткізгіштерді жоғалту (458-баптың үшінші және төртінші бөліктері); әскери мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру (459-баптың үшінші бөлігі); қару-жарақпен, сондай-ақ айналадағыларға қауіп төндіретін заттармен және нәрселермен жұмыс істеу қағидаларын бұзу (462-баптың үшінші бөлігі); машиналарды жүргізу немесе пайдалану қағидаларын бұзу (463-баптың төртінші бөлігі); ұшу немесе оған дайындалу қағидаларын бұзу (464-бап); корабль жүргізу қағидаларын бұзу (465-бап); адамның алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде машиналарды жүргізуі, корабльдерді жүргізуі, әскери ұшу аппаратын басқаруы, әскери техниканы осындай адамның жүргізуіне немесе басқаруына беру не жүргізуіне немесе басқаруына жол беру (466-баптың бесінші бөлігі) үшін сотталған адамдарға қолданылмайды.

6-бап. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізуді тоқтату

1. Қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар бойынша барлық қылмыстық істер және соттар қарамаған істер бойынша іс жүргізу тоқтатылсын.

2. Мыналарға:

1) кәмелетке толмағандарға;

2) жүкті әйелдерге, кәмелетке толмаған балалары немесе мүгедек балалары бар әйелдерге, сондай-ақ кәмелетке толмаған балалардың жалғыз ата-анасы болып табылатын, ата-ана құқықтарынан айырылмаған ер адамдарға;

3) I, II және III топтардағы мүгедектерге;

4) елу жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс жастағы және ол жастан асқан ер адамдарға;

5) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және оларға теңестірілген адамдарға;

б) әскери және (немесе) интернационалдық борышын орындау кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің жесірлеріне, сондай-ақ күйеулері соғыс мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар болып табылатын әйелдерге қатысты ауырлығы орташа қылмыстар бойынша барлық қылмыстық істер және соттар қарамаған істер бойынша іс жүргізу тоқтатылсын.

7-бап. Рақымшылық жасауды қолдану шарттары

1. Осы Заңның 2-бабының 2-тармағында, 4-бабының 1 және 3-тармақтарында, 6-бабының 2-тармағында аталған адамдарға қатысты рақымшылық жасауды қолдану үшін олардың мәртебесін растайтын құжаттардың болуы міндетті.

2. Осы Заңның 4-бабында көзделген жаза мерзімінің бір бөлігін өтеу осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге есептеледі.

3. Рақымшылық жасауға жататын адамдар негізгі жазадан босатылады.

4. Егер өзіне қатысты рақымшылық жасау қолданылуы мүмкін адам немесе оның заңды өкілі бұған қарсы болса, рақымшылық жасау қолданылмайды.

5. Осы Заңды қолдану кезінде сотталғандықты алып тастау 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 79-бабында белгіленген жалпы негіздерде жүргізіледі.

8-бап. Қазақстан Республикасының соттары соттаған, бірақ жазасын оның шегінен тыс жерде өтеп жатқан адамдарға және жазаны өтеу үшін Қазақстан Республикасына берілген адамдарға рақымшылық жасауды қолдану

Қазақстан Республикасының соттары соттаған, бірақ жазасын оның шегінен тыс жерде өтеп жатқан адамдарға рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселені аумағында сот үкімін орындау жүзеге асырылып жатқан мемлекеттің құзыретті органының ұсынуы бойынша, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың негізінде Қазақстан Республикасының соттары шешеді.

Қазақстан Республикасы тиісті халықаралық шарттар жасаспаған шет мемлекеттерден Қазақстан Республикасына бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын одан әрі өтеу үшін берілген адамдарға рақымшылық жасау мұндай адамдарды берген мемлекеттердің құзыретті органдарының келісімімен ғана қолданылады.

9-бап. Осы Заңды қолдану тәртібі

1. Осы Заңның 2, 3 және 4-баптарын қолдану сотталған адамның жазасы орындалатын жердегі соттарға жүктеледі.

2. Осы Заңның 6-бабын қолдану қылмыстық процесті жүргізетін органдарға жүктеледі.

3. Осы Заңды қолдану прокурор бекіткен қылмыстық қудалау органының (лауазымды адамының) қаулысы негізінде, сондай-ақ сот қаулысы негізінде жүргізіледі.

4. Жазаны орындайтын мекемелер мен органдар осы Заңның уақтылы орындалуын қамтамасыз ету мақсатында соттарға мынадай құжаттарды:

1) жазаны одан әрі өтеуден босату туралы не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту туралы ұсынуды;

2) сот үкімінен үзінді көшірмені (оған енгізілген өзгерістермен қоса, егер мұндай өзгерістер болса);

3) осы Заң қолданысқа енгізілетін күнге жазаның өтелген және қалған мерзімі туралы мәліметтерді;

4) сотталған адамның жеке немесе бақылау ісін;
5) осы Заңның 2-бабының 2-тармағында, 4-бабының 1 және 3-тармақтарында аталған адамдардың мәртебесін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

5. Соттар осы Заңды қолданған кезде прокурордың қатысуы міндетті.

6. Осы Заңның ережелері сотқа дейінгі тергеп-тексеру, сот талқылауы жүргізіліп жатқан адамдарға не 1959 жылғы 22 шілдедегі Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде (1998 жылғы 1 қаңтарға дейін енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) және 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (2015 жылғы 1 қаңтарға дейін енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) көзделген қылмыстар үшін, 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде (осы Заң қолданысқа енгізілген күнге дейін оған енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен) көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін сотталған адамдарға қолданылады.

10-бап. Осы Заңның орындалу мерзімі

Осы Заңның 9-бабында көрсетілген органдар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде оның орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

11-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

12-бап. Осы Заңды іске асыру жөніндегі шаралар

Қазақстан Республикасының Үкіметі және облыстардың, республикалық маңызы бар қала мен астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) рақымшылық жасау бойынша жазадан босатылған және зайыбы (жұбайы) немесе жақын туыстары жоқ I және II топтардағы мүгедектер мен жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмайтын адамдарды стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға) орналастыру;

2) босатылған кәмелетке толмағандарды ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың не мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;

3) сот үкімімен тағайындалған, үкімді орындау барысында осы Заң қолданылатын кезге аяқталмаған емінің жалғастырылуын қамтамасыз ету;

4) рақымшылық жасау бойынша жазадан босатылғандарды белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарына орналастыру жөнінде шаралар қабылдасын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК